

Д. МҰХАМЕТЖАНОВА

М.ӘУЕЗОВТІҢ “АБАЙ ЖОЛЫ” ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӨНЕР МЕН ӨНЕРПАЗ ТҰЛҒАСЫ

Қазақтың ғасырлар бойғы ғұмырында, мемлекеттігі мен дербестігінде айрықша орны бар тұлға — өнер адамы. Сондықтан да М.О.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясында салмақты да салалы ой өнер мен өнерпаз хақында сараланады. Шығарманың басты кейіпкері “ақындардың пайғамбары” (Жамбыл сөзі) Абай болғандықтан да бұл әдеби заңдылық болар. Десек те, бұл жалқы себеп емес. Ол ұлы Абайдың “өзінде бармен басқа ұрып, артылам деме өзгеден” деп, өнерде өзіне де, өзгеге де биік талап қоя біліп, тек өз ақындығын танытуды мақсат қылмай, өз заманының өнерлі адамдарын қадір тұта білген үлкен жүректі ұлылығында да болар.

Өнер адамдарының топ-тобымен образдар жүйесін құрап шебер жасалуы — Абай эпопеясының шығармашылық шыңы десе де болады. Романда өнер иелері барынша кеңінен бейнеленген. Эпопеяның өн бойында бірден жарқ етіп көзге түсетін, көңілді өзіне өнерімен аударып әкететін асыл бейнелер аз емес. Олардың әрқайсысы өз мәні, өз бояуымен айқын көрініс тапқан.

Өнер адамдарының эпопея бетінен барынша кеңінен орын алуын көздеген жазушы оларды Құнанбаймен де, Абаймен де әр қырынан байланыстырып тарихи шындық негізінде шебер суреттейді. Романның алғашқы беттерінен-ақ бала Абайды Дулаттай асқақ ақынмен кездестіреді. Бұл кездесу Абай ойының есеюіне игі ықпалын тигізеді. Ақын толғаған өлең мен жыр әке әрекетінен шошынған Абай жанын сауықтырады. Романның алғашқы басылымдарында Дулат аты аталып тарихи тұлға ретінде танылса кейінгі басылымдарында көркем бейне Барласқа ауыстырылады. Бұл өзгертуді қаламгер былайша түсіндіреді: “...Қазір екі түрлі орынды себеп, дәлел бойынша мен Дулат атын романдан мүлде өшіремін де, оның орнына жаннан шығарылған жиынтық бейне ретте суреттелетін Барлас деген ақын атын қолданамын” деп түсінік береді. М. Әуезовтің бұл шешімге келуінің себебі көркем тарихи уақыттың қатал талабы еді.

Дулат пен Байкөкше ақынның романның алғашқы беттерінен орын алуындағы жазушы көздеген мақсат ақындықтың жас Абайдың ой-қиялында өшпес із қалдырған тылсым күшін таныту

болса керек. Қиялшыл ойлы жасқа бұл кездесу мол рухани азық болады. Әуезов өнер құдіретінің адам зердесіне әсерін асқан шеберлікпен, нәзік психологиялық астарлылықпен осылайша жеткізді. Бұл жайында тағы да қаламгердің өз сөзіне сүйенсек дейміз: “Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға ендігі бір зор тәрбиеші ұстаз — қазақтың халық қазынасы болады. Осылайша ел даналарын танытып, соны ете қамту жас талапкерге жаңа зор мектеп болады. Бұл жөніндегі азық білімді ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен, ділмөр, ақыннан, ескі өңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулат, Бұқар жырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен есітіп, танып жаттап, тіпті тамашалап өскенін сезуге болады” (М. Әуезов. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., 1997. 287-б). Абай мен ақындарды алғаш осылайша байланыстырған суреткер шығармашылық қиял күшімен тарихи шындықты көркемдік болмысқа айналдырған.

Роман-эпопеядағы Абай маңындағы өнер адамдарының дүниетанымы, тіршілік тынысы да биік поэтикалық нысанда суреттеледі. Осындай орынды қолданылып, қонымды шыққан бейненің бірі — белгілі тарихи тұлға, әнші-скрипкашы Мұқа Әділханұлы бейнесі. Абай ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап қонақ еткеніндей, кейіннен Мұқаны, Әсетті, Әлмағанбетті қолына алып және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне қатты бейімдеген. Мұқадан үлгі-өнеге алған Абай балалары шебер скрипкашы болып шығады. Ұлы ақын Мұқаның басқа халықтың музыка өнерін меңгеріп, жетілуін үнемі назарда ұстаған, тіпті оны Москва, Петербург қалаларына жібермек те болған екен. Кейіннен Петербургте оқыған Абайдың баласы Әбдірахман демалысқа келгенде орыс, Еуропа елдерінің ән-күйлерін Мұқаға үйретеді. Ол өзінің скрипкада жақсы көріп ойнайтын “Дунай толқыны” деп аталатын күйге:

Он саусақ бірі басып, бірі қаға,
Сорлы ғой қақпа күйге жұрттан баға.
Бекітіп скрипкамың смышоғын,
Мен соқтым “Дунайская волнаға”, —

деп басталатын өлең жолдарын арнайды. Әрине бір ғана өлең негізінде Мұқа ақындығына баға беруге болмас, дегенмен де М. Әуезов, К. Мұқаметханов зерттеулеріне сүйенсек, Мұқа Әділхановтың ақындығынан гөрі әншілігі мен скрипкашылдығы басым түсіп жатқан сияқты.

Мұқаның домбырада, скрипкада ойнаған күйлерін сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізген Абайдың немересі Исраил мен Көкен елінің азаматы, Мұқаның балдызы Сайран Мәмбеталыұлы. Алайда бұл күйлер кезінде нотаға түсірілмей қалған.

Ұлы Абай өзіне дос, шәкірт етіп, жақын тартқан, өнеріне сүйсініп өрісін кеңейтіп отырған Мұқа бейнесі аталмыш романда қалай суреттеледі?

Бұл жайында М. Әуезов: "...Ендігі Абай — ұстаз, сыншыл ақын, күй шығарғыш өнерпаз. Бар қазақтың өнерлі қауымы — мұның досы. Айналасына талантты жас үйіріледі. Үгітіне, өлеңіне халқы ынталай құмартады", — деп жазады (М. Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы, 1998).

Мұқа бейнесімен алғаш романның "Биікте" тарауында кездесеміз. Семей қаласында бас қосып отырған Абайдың шәкірт-достарын сипаттай келіп, жазушы былайша ой өрбітеді: "Бұлардан басқа алты-жеті кісінің ішіндегі атақты әнші — Мұқа бар. Боздай шығатын зор үнді Мұқа — биік денелі, ақшыл жүзді, келбетті жігіт. Оны осыдан екі жыл бұрын әрі әнші, әрі домбырашы, скрипкашы болғандықтан, Абай Уақ ішінен көшіріп, өз қолына алған, Мағауияға жолдас етіп берген болатын" (1-кітап, II бөлім. 576-б.).

Романда Мұқаның Абай еліне келу тарихын жазушы қысқаша бергенімен зерттеу еңбектерінде "Мұқа Абай еліне кеңшілік жай емес, қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны өменгеріне тигізбей алып қашады да, Абай ауылына барады. Бұл кеткен соң жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады" деген түсінік айтады.

М. Әуезовтің қолжазба мұрасында кейіпкер Мұқаның тарихи тұлғасы туралы мынадай түсінік беріледі: "Мұқаның шын аты Мұқаметқали. Руы Уәлі, Уәлі ішінде Жарқын. Жарқыннан төрт ұл болған, Төрехан, Өзбекхан, Қарахан, Әбілхан (кенжесі). Және Мұқа Әбілханұлының өмір сүр-

ген кезеңін 1857—1927 деп көрсетеді." (ЛММА. Кпр-1, /28).

Абайдың ақындық мектебін арнайы зерттеп, 1951 жылы М. Әуезовтің жетекшілігімен "Абайдың ақындық мектебі" деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған зертеуші ғалым Қайым Мұқаметханов Абайдың талантты шәкірттерінің бірі ретінде Мұқа Әділханұлының мұрасын алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттеуге бастама жасайды. Сол кездегі саяси идеологияның теріс ықпалындағы әдебиетшілер Абай мектебін қоғамға жат ұлтшыл топ деп қаралап, Әуезов пен Мұқаметханов қысымға алынып көп қудаланады. Абай шәкірттерінің туындылары төлкекке түседі. Дегенмен көп қажымас еңбек пен табандылық көрсете жүріп Қайым Мұқаметханов Абай шәкірттерінің атын жарыққа шығарады. Зерттеуші еңбектерінде Мұқа Әділханұлы туралы "Мұқа Семей облысы, қазіргі Жаңасемей ауданында, Көкен тауында 1857 жылы дүниеге келіпті. Мұқаның руы Уақ, Уақ ішінде Жарқын, Жарқыннан: Төрехан, Әділхан, Өзбекхан, Қарахан деген төрт ұл болған. Әділханнан Қайырхан, Мұқа (шын аты Мұқаметқанапия)" деген түсінік беріледі. Жоғарыда келтірілген архив материалдары мен Қ. Мұқаметханов сөздеріндегі алшақтықтың сыры ... жай қарындашпен бөтен адамның жазуындағы қолжазбадағы бірінші парақтың бас жағына "Мұқана" деп жазылған деген түсінік сілтеме болса керек. Олай дейтініміз тағы да Қ. Мұқаметханов сөзіне жүгінсек, Мұхтар Әуезов Мұқаны жас шағынан естіп білген. Екеуінің соңғы кездесіп сырласып, әңгімелескені 1926 жыл еді дейді.

Енді Мұқа бейнесін сомдаудағы жазушы қаламынан туған отты тіл, оралымды сөз өрнектеріне үнілсек: "Осы кештен екі күн өткен соң, қаладағы бір Уақтың қыз ұзататын тойына Мұқаны шақырысқан екен. Сондағы қыз-келіншек, күйеу жолдастар, қайын-жұрт, жас-көрінің ортасында "Татьяна хаты" Пушкин үшін өзгеше жаңа бір қауым ортасында тұңғыш рет топ алдына шықты. Атақты әншінің үнімен орыс ақыны сазын шертті. Бұнда да барлық мәжілісті шын сезім, шыншыл наз ұйыта мүлгітті.

Мұқа соңғы сөздерін ырғап, қайырып болғанда, әннің басынан-ақ құлай тындап отырған бір қарт сөз қатты:

— Қарағым, көп жаса, бойды балкытып-ақ өнер айттың. Ал енді осыны айтқан кім? Соны бір шешіп берсеңші! — деп еді. Әнші жігіт:

— Орыстың баяғыда өткен ақыны Пушкин деген кісі болған екен, соның сөзі. Қазақшаға аударған Абай!”, — деді. (1-кітап, II бөлім. 580-б.).

Осылайша жазушы баяндауында шығармадағы эпизодтық кейіпкердің бірі жеке бейнелік суреттемесімен бой көрсетті. Бейнеленіп отырған Мұқа портретінде дене бітімі келістілігімен бірден өзіне тартса, келесі кезекте “боздай шығатын зор үнді” өншіге деген көпшілік ықыласы, кейіпкер өнері еріксіз ден қойғызады. Қаламгер алғашқыда өнші даусын сипаттай танытып кетсе, келесі бір мезетте шын таланттың отты шабытын, өн орындау шеберлігін “көпшілікті шын сезім, шыншыл назымен ұйыта мүлгітуімен-ақ” оқырманға айшықтап береді.

Бұл сурет Мұқа өншілігінің, өн құдіретінің айшықты суреті. Бұл өн суреті ғана емес, өнерпаз бейнесі. Сахара төсінде көшіп жүріп өз тағдырын өнімен, күйімен, жырымен келер ұрпаққа танытып қана қоймай, аманаттап тапсырып кеткен қазақтай ұлы халықтың ұлы өнерпаздарының бейнесі. Нота түгілі қарапайым жазу-сызуды да танып білмейтін дала серісі, заманының асқан скрипкашысы Мұқа Әділханұлы қарапайым мүмкіндік арқылы-ақ Абай өні мен жырын тұған халқына барынша танытып, шыншыл сезіммен жырлап өткен.

Мұқаның Абайдан алған үлгі-өнегесі, саналы шәкірттік тұлғасы, адамгершілік қасиеттері романның әр тарауында көрініс беріп отырады. “Қастықта” деп аталатын тарауда жазушы Семей өңірінде санақ шаруасымен келіп жатқан Әзімхан деген туралы баяндай келіп, оның Мұқа өншімен кездесуін суреттеді. Тағы да шығарма мәтініне үнілсек: “Көрші үйде, аңғары отау үй болу керек, көп жастардың жиыны, думан-сауығы боып жатыр еді. Үлкен үйде, ауыл иесінің қасында отырған Әзімхан сол отаудағы өн, сауықты естіп, аландай берген.

Ол думанның жөнін сұраса, күйеу келіп жатыр екен. Және сол күйеудің жолдасы боп, осы Семейтау, Көкенге аты шыққан бір өнші келіпті. Осы жайды естіген соң жас төре үй иесінен өтініп, сол өншіні шақыртқан болатын.

Ақсұр жүзді, келісті толық бет бітімі бар, етшең денесі зор біткен, шоқша қара сақалды өнші, бұл төрені салған жерден таңғалдырды.

“Амал жоқ қайттым білдірмей,
Япыр-ау, қайтіп айтамын,
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын!” —

деп бір кетті.

Сөздер төренің шала шырамығатын бір жайын баян етті. Әнші маңғаз пішінмен бұл өлеңді біраз айтып барып, енді тағы бір өлеңге ауысарында: “Жанағы хатқа Онегиннің жауабы мынау”, — деп салды.

Төре енді анық өзі болжаған жайды жыр қып отырған өншіге, басын жастықтан жұлып алып, ентелей беріп сұрау салды:

— Өй, сенің айтып отырғаның “Евгений Онегин” бе? — деп, өзіне біткен топастау, оқыс мінезімен тұрпайы сұрады. Әнші бұған бет бұрмастан, әдейі пандана жай сөздей етіп, тағы бір жайды айта салды.

— Өзін де біледі екенсің ғой, мырза! Иә, бұл сол “Татьяна, Онегин” жайлары.

— Е, сен оны қайдан білуші ең?

— Мен білмейтін несі бар!?

— Кім деп білесің оларды?

— Олар орыстың мен сияқты Пушкин деген ақыны жазған қыз бен жігіт. Солардың жөнін қазақша өлең қылған біздің досымыз, үлкен ақынымыз Абай! — деді.

Бұл жайды Әзімхан төреге былтыр баян еткен Абайдың дос өншісі — Мұқа болатын” (2-кітап, II бөлім. 474-б.).

Ұзақтау келтірілген бұл үзіндіде тағы да өлең суреті, өнер суретімен қауышамыз. Мұқа бейнесінің жаңа бір қыры маңғаз пішінді ер тұлғасы, өнерімен, Абайдай ақынмен мақтанып тұрған асқақ көңіл, аңқылдақ қасиетін танимыз. Тағы да өн құдіреті бой көтереді. Әсем де сазды өн екі түрлі тірліктің, екі түрлі түсінік иесінің жүрегіне тура тартар жол табады... Ал Әзімхан төре бейнесін жазушы “топастау, оқыс мінезді” деп атап көрсеткенімен зерделі көңілмен үніліп оқыған оқырманға бұл бейненің де тоң мойын топастықтан мүлде алыс екенін аңғаруға болар еді. “Өн-сауықты естіп аландай беруі”, “үй иесінен өтініп сол өншіні шақыртып алуы”, “Евгений Онегин” жырының қазақ даласында қазақ әуенімен шырқалуын тандана тыңдап, ұғып, “басын жастықтан жұлып алып, ентелей беріп сұрау салуы” — осының бәрі төре бейнесінің топастығынан гөрі білімділігіне, өнер сүйгіш сезімталдығына мегзегендей. Ендеше ұлы жазушы Әзімхан төре бейнесін романға енгізе отырып неліктен өз сөзіне өзі кереғар шығып, оны бір ауыз “топас” сөзімен матап тастайды? Бұл сұрақтың жауабын Қ. Мұхаметханов зерттеулерінен табуға болады. Зерттеуші-ғалым аталмыш шығармадағы Әзімхан төренің прототипі “қазақтың басын біріктіріп, ерікті ел болуын көкसेп, сол мақ-

сатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын — бар саналы өмірін арнаған Әлихан Бөкейханов еді” дегенді айтады. Және Әлихан Бөкейхановтың 1905 жылы “Семипалатинский листок” газетінде жарық көрген ұлы Абай туралы жазған “Абай (Ибрагим) Кунанбаев, (некролог)” атты мақаласы арқылы дәлелдеп те береді. Бұл мақаласында Ә. Бөкейханов Абайдың Крылов, Лермонтов, Пушкин шығармаларынан аударған өлендерін саралай келіп, ақын шәкірті әнші, скрипкашы — Мұқа Әділхановпен кездесуін баян етеді: “1899 году в Коконской волости киргиз певец Адылханов предложил нам послушать “Письмо Татьяны”, Адылханов, не без гордости указав на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он, певец — акын Пушкин, который воспел, как Татьяна слу (красавица) полюбила джигита Онегина, которому и написала и письмо. Тот же вечер Адылханов, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов Лермонтова” (К. Мұхаметханов. Абай мұрагерлері. А., 1995. 116-б).

Яғни М. Әуезов өзі өмір кешкен кеселді кер заманда есімін еске алудың өзі қылмыс деп танылған қазақтың ардақты азаматы, ірі қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов тұлғасын өз романына осылайша “бүркемелеп” енгізді. Тарихи тұлғаның тек есімін бүркемелеу заман қыспағында аздық етер еді, сондықтан қаламгер Әзімхан төрені даңғой, содыр, тіпті өмірі көріп, жүздеспеген Абайға өштесіп, ақын жауларына кара ниетпен “кара шоқпар” жайында кеңес беріп, “ойға келмес сұмдыққа өз қолымен құрық берген” озбыр, қиянатшыл кейіпте сипаттайды. Көркем кейіпкер тарихи жағдайға тәуелді күй кешіп тұр. Тарихи шындық пен көркем шындықтың арақатынасы қаншалықты маңызды болса да, бұл жерде шындық жазушы шеберлігі мен шығармашылық қарымы ғана емес, белгілі уақыттағы мүмкіншілігіне де тікелей байланысты болып тұр. Әзімхан төре образын түгелдей Әлихан Бөкейхановқа телісек, тарихи тұлғаға жасалған қиянат болар еді. Жазушы шеберлігінде бір Әзімхан төре бойына сол көшпелілер заманындағы бірнеше төренің сипаты жинақталып беріліп тұр. Өйткені жалаң өмірбаяндық құжаттарды тізіп айту көркем шығарманың құндылығын арттырмасы анық. Олай болған жағдайда шығарма тек өткен күндердің шалағай шындығын ғана баян етер еді. Бұл жайында академик Д. Лихачев былай дейді: “Көркем образды сомдау барысында қолданылған жаңсақтықтар — оқырманның не көрерменнің

сол образдың көркем әсерін өзінше толықтыра қабылдау үшін аса маңызды. Көркем шығармадағы әрбір жаңсақ деректер терең зерттеуді қажет етеді. Әрбір суреткердің әр дәуірге қатысты қолданған жаңсақтықтарының көкейкестілігі мен сыйымды мөлшері дәл анықталуы тиіс. Өнердің құрылымы мен құнының бағасы сол зерттеудің нәтижесіне байланысты Лихачев Д. И. Литература — реальность — литература (“Советский писатель” М., 1981).

Әуезов өмір сүрген кезең тарихи мүмкіндіктің шектеулі кезеңі еді. Сондықтан да Абай романындағы осындай “жаңсақтықтардың” көкейкестілігі мен сыйымды мөлшері” дегенде көркем уақыттың замана қыспағына тәуелділігі мен жазушының қиялының ауқымды аңғарын атасақ та болады.

Тарихтан белгілі кешегі сталиндік зұлматтың құрбаны болып, 1938 жылы жазықсыз атылып кеткен ғалым-тарихшы, әдебиетші, публицист, журналист әрі шебер аудармашы Ә. Бөкейханов есімі араға елу жылдан аса уақыт салып халқымен қайта қауышты. Ал ұлы жазушы М. Әуезов өзінің ұлы туындысы “Абай жолының” басына түскен талай теперішті көре жүріп, өз романы арқылы қазақтың талай өнерпаздарының тұлғасын сомдап тарих сахнасына шығарды. Қаламгердің өзі роман-эпопеясы жайында “Менің романим батыр емес, ақын туралы, менің геройым — творчестволық тұлға...” (М. Әуезов. Шығ. жин. 12-т., 107-б.) деп көрсеткеніндей “Абай жолы” бастан аяқ өнер суретін, өнерпаз тұлғасын танытуға арналған.

Роман беттерінен орын алған қазақтың тағы бір белгілі, белді ақыны — Шөже Қаржаубайұлы.

Шөже ақын романда баса суреттеліп, жан-жақты ашылған кейіпкер ретінде танылмаса да, шығармада өзіндік орны бар, оқырман көңілінен бірден ұя табатын тамаша бейне.

Халық ақыны, айтыс өнерінің майталманы Шөже Қаржаубайұлы (1808—1895) — ең алдымен тарихи тұлға. Шығармада анық тарихи роман талаптарына сай Шөже сынды ақынның нақтылы аты аталып, түсі түстеліп беріледі. Қапанда ел мүддесін батыл айта алатын, халықтың сөз өнерін санасына сіңірген ақын қалпы былайша суреттеледі. “...Абай енді байқады. Бар топтың ентелеп қамағаны — үлкен ақ сақалды, келісті карт екен... Өзі де күліп, топты да күлдіріп келе жатқан сол.

Бір тосын ғажап нәрсе: шалды екі жағынан қолтықтасып келеді. Шал өзі басын тік ұстап, ілгері басып келе жатқаны болмаса, ешқандай бет

бұрмайды. Сөйлегенде де ешкімге қарамай, тура бет алдына қарай сөйлеп келеді...

Абай мұндай өзгеше шалды бірталай аңғарып, қайран қап тұрып зорға аңғарды. Қарт соқыр екен...

Кейінірек келе жатқан бір бурыл сақалдыдан Абай:

— Бұл кісі кім, аға?.. — деп еді. Анау танда- нып:

— Е, білмеушімен, Шөжекеңді?.. О, не дегенің?.. Бұл Шөже ақын емес пе? — деді”

(“Абай жолы”. Алматы: Жазушы, 1990. 85-б.).

Абайдың Шөже ақынды алғаш көруін жазушы ыждаһатпен сипаттауында да үлкен сыр болса керек. Бұл кезенді суреткер Абайдың Қарқаралы қаласын жапа-жалғыз аралап, “...көңілі дүниенің бар көрінісінен бітім жарастық іздеген бір мейірімділік халінде” келе жатқан шағымен тұспа-тұс бейнелейді. Әлеуметтік құбылыстарды осылайша адам мінез ерекшелігімен жымдастырып көрсету М. Әуезов шығармашылығына тән ерекшелік болса керек. Адамның ішкі әлемін, көңіл толқынын бірінші кезекке қою арқылы жазушы үлкен тақырып, ірі ойға мегзейді. Абай бірден Шөже ақын сөзін естімейді. Алдымен қала өмірінің кереғар тірлігіне нәр берген “Жас-кәрісі аралас, тегіс құрдастай күлісіп келе жатқан қызықты, жарастықты топты көреді”. Ақынға деген ел махаббаты қандай, айтушы мен тындаушы арасының шын ілтипаты қандай — соны көреді. Көреді де, балаң жігіт зердесінде ақын бейнесі сәтте биіктей түседі. Келесі бір кезекте ақынның шын келбетін көріп, сөзін естиді. “... Шөже осы жайларды күле тындап тұрып, бір кезде оп-оңай өлендетіп қоя берді. Ашық даусы саңқылдап:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр, —

деді.

Жұрт тегіс ду күліп жіберді... Шапшандығына, айтқыштығына қайран қап, таңдай қаққандар да бар.

— Ақсақ тазы — Алшынбай...

— Соқыры — Құнанбай.

— Не қыл дейсің? Ал, қайтпас көрің жалғыз ауыз өленмен жайратты да салды! — деп жапырлап сөйлеп жатыр... Абай бұл сөздерден қатты ұялып қысылды да шеттей берді.

Мынау жалғыз ауыз өлең бағана, күні бойы күмбездей боп үлкен көрініп отырған екі рудың екі шоқысын бір-ақ соғып, жермен жексен етті.

ТайпITYп кеткен сияқты көрінді” (М. Әуезов. “Абай жолы”. Алматы: Жазушы, 1990. 86-б.).

Абай әкесінің “Қарқаралының ен байлық, ел дариясын жалғыз қызықтап, шоқып жеп отырған қарға атанғанына” шын ұялып, аласапыран, толғанған бір халге түседі. Әуезов осылайша өнер құдіретінің адам зердесіне әсерін үлкен суреткерлікпен жеткізеді.

Бұл үзіндіден нені байқауға болар еді?

Біріншіден, өнерпаз жанның асқақ-адуын жанын сеземіз.

Екіншіден, сөз өнерінің адамның тікелей сезімдік қабылдауына әсер ететін құдіреттілігін көреміз.

Үшіншіден, қоғамдық-әлеуметтік сананың қайшылықты тармағын бір қырынан байқаймыз.

Міне, ұлы суреткер оқырманына өнердің қоғамдық сананың арнаулы формасы ретіндегі бейнесі мен эстетикалық қызмет процесінің тұтастығын асқан шеберлікпен танытып отыр.

Сондай-ақ сахараның атқамінер әкімдерінің алуан әрекеті өрі қысқа, өрі дәл мінезделген бұл өлең жолдары сол кездегі ел ақындарының білім өрісін де байқатады.

Тарихи деректерге сүйенсек, Абай Шөже ақынның бұл жыр жолдарын Қарқаралы көшесінде естімеген. Бұл өлеңнің тарихы туралы М. Әуезов былай деп жазады: “Қаракесектің бір асында Шөже өленді Құнанбайдың соқырлығынан, Алшынбайдың таздығынан және олардың елді жеген паракорлығынан бастайды:

Болыпты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақ дария, соқыр қарға,
Ортасын дарияның қарға шоқыр... —

дейді.

Шөженің сөзіне төзе алмаған Алшынбай, тұра сала қамшы жұмсайды. Бірақ Шөже өз дегенінен қайтпайды:

Япыр-ай, бұл немене тарсылдаған?
Қаншық емес төбет қой арсылдаған.
Тепкілей бер, сабай бер, өлтірмесің
Ашуынды бас бірақ қалшылдаған.
Ақ еркесі Бошанның Алшынбай таз,
Жаз ішінде ұшады ит ала қаз.
Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,
Кепиетің бар болса басынды жаз! —

дейді ол Алшынбайға” (М. Әуезов. Әдебиет туралы. О литературе. Алматы: Санат, 1997).

Әдебиетте тарихи оқиғалар мен адамдар өмірінен ең қажетті құбылысты екшелеп алып, шебер қолдана білуі шығарманың көркем табиғатын арттыра түседі. Шөже ақынның образы ар-

кылы М. Әуезов Абайдың болашақ ақындық болмысын, азаматтық, өнерпаздық тұлғасын сомдап қана қоймай, оны биіктете түсу үшін дала жыршысының ақындық дәрісінен осылайша сусындатады. Жалпы, жазушы Шөжедей ақын өмірінің бір сәтін айшықтап суреттеуімен ел ақындарының беделі мен болмысын, шабыты мен шабысын көрсетуді көздеген сияқты.

Сондай-ақ, Шөже Қаржаубайұлы есімі “Абай” (“Атамұра”. 1995) энциклопедиясына да енгізілген. Онда “Абай Шөже өлеңдерімен жас кезінен таныс болған. Оны айрықша қадір тұтып, апталап, айлап қонақ етіп, өлең-жырын тындаған” — деген дерек келтірілген. М. Әуезовтің осы деректерді жақсы біле тұра, артық қайталауға бой ұрмай, (Абайдың Біржан салды ауылында қонақ етуін кең түрде суреттеген), Шөже ақын сияқты ел ақындарының бейнесін әралуан сипатта көрсетуі олардың Абайдай ұлы ақын нәр алған халықтық әдебиеттің әсіресе әлеуметтік-қоғамдық қайшылықты сипаты мен оның Абай поэзия-

сына әсерін жан-жақты зерделеу ниетінен туса керек.

Әдебиетші-ғалым М. С. Сильченко пікіріне сүйенсек, Абайдың халық жырымен творчестволық қарым-қатынасының тарихи маңызын айта келіп: “Халық лирикасының іргерішіл тенденциялары ағартушы ақынның талант күшімен жаңғыра түсті. Бұл Абайдың көркемдік әдісі — сыншыл реализмге оның елеулі бір қыры ретінде бірігіп кетті”, — деп баға береді.

Абайдың шығармашылығының қайнар көзі болған — қазақ халық әдебиеті, шығыс және орыс әдебиеті екенін М. Әуезов ашық дәлелдеп берген. Дулат, Шөже, Байкөкше, Садырбай сынды тарихи тамыры берік халық ақындары Абайды халық өміріне жақындатып, халық мүддесін ойлауға өз жырларымен жетеледі. Ендеше, М. Әуезов өзінің роман-эпопеясында ел ақындарын кеңінен сипаттау арқылы Абайдың ақындығы мен халықшылдығын жоталандырып, асқақ суреттей білді.